

4. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгілері

«Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары (оқыту қазақ тілінде емес)

Тыңдалым

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Әлемде мамандықтың түрі көп. Менің достарым ғарышкер, ұшқыш немесе биші болуды армандайды. Ал менің арманым – дәрігер болу. Дәрігер мамандығы – қиын, жауапкершілігі мол мамандық. Дәрігерлер мейірімді болуы керек, өйткені ол науқас адамдарды емдейді. Сонымен қатар дәрігерлер өте шыдамды болады. Олар күндіз де, түнде де көмекке келеді. Дәрігерлерге қателесуге болмайды, өйткені оның жұмысы адамның өмірімен байланысты.

Дәрігер болу үшін көп оқу керек. Сондықтан нағыз дәрігер болу үшін мен қазірден бастап өз оқуыма көңіл бөлемін.

1) Дәрігерлерге неліктен қателесуге болмайды?

- A) өйткені оның жұмысы адам өмірімен байланысты
- B) өйткені оның жұмысы көп уақытты қажет етеді
- C) өйткені оның жұмысы дәрігерлермен байланысты
- D) өйткені оның жұмысы көп оқуды қажет етеді

[1]

2) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

- ☐ Дәрігерлер адамдарға кез келген жағдайда көмектеседі, сондықтан олар _____ болуы керек.
- ☐ Дәрігерлер науқас адамдарды емдейді, сондықтан олар _____ болуы керек.

[2]

3) Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді анықта.

- A) Оның достары әнші, өрт сөндіруші болды армандайды.
- B) Оның ойынша, дәрігерлердің қатесін түзетуге болады.
- C) Оның ойынша, дәрігер болу үшін жақсы оқу керек.
- D) Оның алға қойған мақсаты – ғарышкер болу.

-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Тараз – Оңтүстік Қазақстанда орналасқан көне қала. Ол Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Сондықтан ірі сауда орталығына айналды.

Таразда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері бар. Олар – Қарахан, Айша бибі кесенесі, көне монша. Тараз моншасы – Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы моншалардың бірі. Моншаның бөлмелері түрлі ою-өрнекпен безендірілген. Қалада сонымен қатар теңге соғатын ұстаханалар болған.

Тараз қаласы бұрын Талас, Әулиеата, Жамбыл деп аталған.

- 1) Тараз қаласы неліктен ірі сауда орталығы болды? A) Қалада ең алғашқы монша салынды.
B) Қалада теңге соғатын ұстаханалар болды.
C) Қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасты.
D) Қалада сәулет өнерінің ескерткіштері көп болды.

[1]

- 2) Мәтіннің екінші бөлімінде не туралы айтылады? A) әдемі кесене туралы B) сауда орталығы туралы
C) қаланың әдемілігі туралы
D) көне ескерткіштер туралы

[1]

3) Тараз моншасының ерекшелігі неде? Жаз.

[1]

4) Берілген сұрақтарға сәйкес бөлікті тауып, байланыстырып сыз.

1) Тараз қаласының бұрынғы
атаулары қандай?

A) сәулет өнерінің ескерткіштері

B) Талас, Әулиеата, Жамбыл

2) Көне қалада нелер көп?

C) оңтүстік Қазақстанда

[2]

4-тапсырма

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, көшіріп жаз.

Отырар – көне қала. Ол бұрын Фараб қала... деп аталған. Қазір қала... орны ғана бар. Қаланы архелог... зерттеп жатыр. Одан көптеген металл бұйым... мен әшекей. зат... табылды

